Материалдық ағым түсінігі.
Материалдық ағымның түрлері. Материалдық ағымның жіктелуі.

Логистиканың өзектілігі және оны зерттеуге деген қызығушылықтың артуы логистикалық әдісті қолдануды ашатын материал өткізуші жүйелердің тиімді қызмет етуін жоғарылататын потенциалды мүмкіндіктерімен түсіндіріледі. Логистика шикізат пен жартылай фабрикаттарды сатып алу мен дайын өнімді тұтынушыға жеткізгенге дейінгі уақыт аралығын қысқартуға мүмкіндік береді, материалды қорлардың күрт қысқаруына әсер етеді. Логистиканы қолдану ақпарат алу үрдісін жеделдетіп, қызмет көрсету деңгейін жоғарылатады. Логистикаға деген отандық ғалымдардың, жоғарғы оқу орындарының оқытушыларының, ғылыми-техникалық жұмысшылардың, өнеркәсіп және көлік кәсіпорындарының менеджерлерінің, инженерлер мен бизнесмендердің қызығушылығы тек отандық экономика үшін жаңа және айтуға ыңғайсыз терминмен ғана емес, сондай-ақ өнеркәсібі дамыған елдер экономикасында логистикалық әдісті қолдану арқасында алынған әсерлі нәтижелерімен түсіндіріледі.

Шетел тәжірибесі көрсеткендей, қазіргі бизнесте логистика стратегиялық маңызды орынға ие. Осы салада табысқа жеткен көптеген мамандардың компания басшылығындағы жоғарғы қызмет орындарына жылжитыны кездейсоқ емес. Қазіргі уақытта алдыңғы қатарлы фирмалардағы логистиканың дәстүрлі функционалды салалары стратегиялық инновациялық (жаңартпа) жүйе құра отырып, жалпы ақпараттық-компьютерлік платформа негізін-де бірікті. Логистика саласындағы қызмет көп қырлы. Оған көлікті, қойма шаруашылығын, қорларды, кадрларды басқару, ақпаратты жүйелердің ұйымдастырылуы, коммерциялық қызмет және т. б. жатады. Аталған әрбір функция сәйкес салалық пәнде терең зерттеліп, баяндалған. Логистикалық тәсілдің жаңалығы – негізгі өзара байланыс. Логистикалық әдістің мақсаты – материалды ағымдарды толассыз басқару.

Материалды ағымдарды басқару әр уақытта шаруашылық қызметтің маңызды жағы болып табылатын. Дегенмен, ол тек жақында ғана экономикалық өмірдің маңызды функцияларының біріне айналды. Негізгі себебі – өндірістік және сауда жүйелерінің тұтынушының тез өзгеріп отыратын талғамына жылдам икемделуі қажеттігін туғызған сатушы нарығынан сатып алушы нарығына өту.

Шет елдердің көпшілігінде логистикалық ассоциациялар, ұйымдар мен қоғамдастықтар құрылып, тиімді қызмет етіп отыр. Логистика салыстырмалы түрде жас және белсенді дамушы ғылым мен бизнес сферасы болып табылады. Шет елде логистика соңғы онжылдықта тез дамыды. Қазақстан үшін логистикалық өндірістік, сауда, көлік және ақпараттық жүйе-лердің қалыптасуы мен дамуы өте маңызды, себебі ол біздің елдің әлемдік экономикалық және ақпараттық кеңістікке интеграциялануын тездетуге мүмкіндік береді.

Өнеркәсібі дамыған мемлекеттердің экономикалық әдебиетінде логистикалық мәлелердің алатын орны маңызды және оның дамуын зерттеуге көптеген еңбектер арналған.

Логистиканың тәжірибелі тәсілдерді және ғылыми көзқарасты талап етуі Қазақстанның нарықтық қатынастарға көшуінің бастауымен сай келді. Отандық бизнестегі логистикалық көзқарастың мүмкіндіктерін және қарқынын бүгінгі күнгі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайдан және экономикалық реформалар қадамының болжамынан бөліп-жарып қарауға болмайды.

Бизнес практикасына логистикалық менеджмент әдістерін енгізу көптеген фирмаларға өндірістегі, жабдықтаудағы және өткізудегі өнімнің барлық қор түрлерін қысқартуға, айналым капиталының айналымдылығын жеделдетуге, өндірістің өзіндік құнын төмендетуге, бөлуге тиісті шығындарды төмендетуге, тауарлар және қызметтермен тұтынушылардың толық қанағаттандырылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жүктер мен логистикалық опеарциялардың әртүрлілігі материалдық ағымдарды басқару мен зерттеуді қиындатады. Нақты міндетті шешу кезінде қандай ағымдар зерттеліп отырғанын белгілеу керек. Бір міндетті шешкенде көп операция тобына күш жұмсау процесінде зерттеу нысаны жүк болуы мүмкін. Мысалы, тарату желісін жобалау, қоймалардың саны мен орналасу орындарын анықтау. Басқа міндеттерді шешкенде, мысалы, қоймаішілік логистикалық процесті шешкенде әр операция жеке-жеке зерттеледі.

Материалдық ағымдар келесі негізгі белгілері бойынша бөлінеді:

- логисикалық жүйеге қатысты;
- ағымның табиғи-заттық құрамы бойынша;
- ағым түзетін жүк көлемі бойынша;
- жүктердің сәйкестік дәрежесі бойынша;
- жүктердің сапалық дәрежесі бойынша.

Логистикалық жүйеге қатысты материалдық ағым: *сыртқы, ішкі, кіретін және шығатын* болып бөлінеді.

Сыртқы материалдық ағым кәсіпорыннан тыс ортада жүзеге асырылады. Бұл санатқа кәсіпорыннан тыс тасымалданатын барлық жүктер емес, тек ұйымдастыруға кәсіпорынның қатысы болған жүктер ғана жатады.

Ішкі материалдық ағым жүктермен логистикалық операциялардың логистикалық жүйенің ішінде жүзеге асуы нәтижесінде пайда болады. Ішкі ағым қойманың әр учаскелеріндегі ағымдардан құралып, кіретін ағымнан бірнеше есе артық болады.

Кіретін материалдық ағым логистикалық жүйеге сыртқы ортадан келіп түседі.

Шығатын материалдық ағым логистикалық жүйеден сыртқы ортаға түседі. Қоймада қорды бір деңгейде сақтаған жағдайда кіретін ағым шығатын ағымға тең болады. Көтерме база үшін әртүрлі көлік түрлерін тиеу бойынша операцияларды орындау кезінде болатын материалдық ағымдарды қосу

арқылы анықтауға болады. Көтерме сауда кәсіпорындарында шығатын материалдық ағымдарды базаның жүк айналымы деп атайды.

Ағымның табиғи-заттық құрамы бойынша материалдық ағымдар *бір ассортиментті және көп ассортиментті* деп бөлінеді. Ағымның ассортименттік құрамы олармен жұмыс істеген кезде маңызды болып табылады. Мысалы, етпен, балықпен, жеміспен, бакалеямен сататын көтерме азық-түлік нарығындағы логистикалық процесс бір ғана жүкпен жұмыс істейтін картоп сақтайтын қойманың логистикалық процесінен өзгеше болады.

Көлемдік белгісі бойынша материалдық ағымдар *жаппай, ірі, ұсақ және орташа* болып бөлінеді.

Жаппай ағым жүктерді бір көлік құралымен емес, олардың тобымен тасымалдау процесінде болады, мысалы, теміржол құрамы немесе ондаған вагондар, автомашиналар колонналары, кеме керуендері және т.б.

Ірі ағымдар – бірнеше вагондар мен автомашиналар.

Ұсақ ағымдар басқа жолай жүктермен тасымалдауды қажет ететін және көлік құралының жүккөтергіштігін толық пайдалануға мүмкіндік бермейтін жүк көлемі.

Орташа ағымдар ірі және ұсақ ағымдардың ортасында болады. Оларға жеке вагондармен немесе автомобильдермен келіп түсетін жүктердің көлемі жатады.

Меншікті салмағы бойынша материалдық *ағымдар ауыр салмақты* және *жеңіл салмақты* болып бөлінеді.

Ауыр салмақты ағымдар көлік құралдарының жүккөтергіштерін толық пайдалануды қамтамасыз етеді, сақтау үшін қойманың аз көлемін қажет етеді. Ауыр салмақты ағымдарды бір орынның массасы 1 тоннадан асатын (су көлігімен тасымалдағанда) және 0,5 тоннадан асатын (теміржол көлігімен тасымалдағанда) жүктер құрайды. Мысал ретінде металлдарды алуға болады.

Жеңіл салмақты ағымдар көліктің жүккөтергіштігін толық пайдалануға мүмкіндік бермейтін жүктер. Жеңіл салмақты ағымның бір тонна жүгі 2 $м^3$-тан артық көлемді алады. Мысалы, тасымалдау кезінде темекі өнімдері жеңіл салмақты ағымдарды құрайды.

Ағым түзетін жүктердің сәйкестік дәрежесі бойынша *сәйкес келетін және сәйкес келмейтін* болып бөлінеді. Бұл белгі негізінен азық-түлік тауарларын тасымалдау, сақтау, жүкті өңдеу кезінде есепке алынады.

Жүктердің сапалық дәрежесі бойынша материалдық ағымдар *үйілме, ақтарма, ыдыстама-даралы, құймалы* болып бөлінеді.

Үйілме жүктер (мысалы бидай) ыдыссыз тасымалданады. Олардың басты қасиеті – сусымалылығында. Олар арнайы мамандандырылған көлік құралдарымен: бункер типті вагондарда, ашық вагондарда, платформаларда, контейнерлерде, автомашиналарда тасымалданады.

Ақтарма жүктер (тұз, көмір, құм, кен, т.с.с.) минерал текті болып келеді. Ыдыссыз тасымалданады, кейбіреулері қатып қалуы, басылып қалуы, бірігіп қалуы мүмкін. Олар да алдыңғы топтар сияқты сусымалы болып келеді.

Ыдыстама-даралы жүктердің физика-химиялық қасиеттері, меншікті салмақтары, көлемдері әртүрлі болады. Оларға контейнерлердегі, қаптардағы, жәшіктегі, ыдыссыз жүктер, габаритсіз және үзын көлемді жүктер жатады.

Құймалы жүктер – цистерналарда және құйылатын кемелерде тасымалданатын жүктер. Құймалы жүктермен логистикалық операциялар, мысалы, артық тиеу, сақтау және басқалар арнайы техникалық құралдардың көмегімен орындалады.

Логистикалық операциялар. Материалдық ағым материалдық нысандармен белгілі бір әрекеттердің жиынтығы нәтижесінде пайда болады. Бұл әрекетерді логистикалық операциялар деп атайды. Бірақ логистикалық операциялар материалдық ағымдармен ғана әрекеттесумен шектелмейді.

Материалдық ағымдарды басқару үшін осы ағымға сәйкес ақпараттарды қабылдау, өңдеу және беру керек.Осы жағдайда орындалған әрекеттер де логистикалық операцияларға жатады.

Жалпы алғанда *логистикалық операцияларды* материалдық және\немесе ақпараттық ағымдарды өзгертуге бағытталған әрекеттер жиынтығы ретінде анықтайды.



5.1 сурет - Логистикалық операциялардың жіктемесі

Материалдық ағыммен логистикалық операцияларға тиеу, тасымалдау, түсіру, іріктеу, жинақтау, орау және басқа да операциялар жатады. Ақпараттық ағымдармен логистикалық операцияларға материалдық ағымға қатысты ақпараттарды жинау, өңдеу, беру жатады. Ақпараттық ағымдармен

логистикалық операциялардың шығындары логистикалық шығындардың көп бөлігін құрайды.

Логистикалық жүйеге түсетін немесе одан шығатын материалдық ағымдармен логистикалық опеарциялардың орындалуы осы операцияларды логистикалық жүйенің ішінде орындаудан ерекшеленеді. Бұл тауарға деген меншік құқығының өтуімен және сақтандыру тәуекелдерінің бір заңды тұлғадан екіншісіне өтуімен түсіндіріледі. Осы белгісіне байланысты логистикалық операциялар *бір тарапты* және *екі тарапты* болып бөлінеді.

Бір тарапты логистикалық операцияларда тауар меншігі мен сақтандыру тәуекелдері бір заңды тұлғада ғана болады. *Екі тарапты* логистикалық операцияларда меншік құқығы және сақтандыру тәуекелдері бір заңды тұлғадан екіншісіне өтеді. Кейбір логистикалық операциялар технологиялық өндірістік процестің жалғасы болып табылады (мысалы өлшеп орау). Бұл опеарциялар тауардың тұтынушылық қасиетін өзгертеді және өндіріс саласында да, айналым саласында да (көтерме базаның өлшеп орау цехында) жүзеге асады.

Кәсіпорынды қамту немесе дайын өнімді өткізу, яғни, «логистикалық жүйенің сыртқы ортамен әрекеттесуі» процесінде орындалатын операциялар сыртқы логистикалық операцияларға жатады. Логистикалық жүйенің ішінде орындалатын логистикалық операциялар ішкі логистикалық операциялар деп аталады. Қоршаған ортаның айқынсыздығы ең алдымен сыртқы логистикалық операциялардың орындалу сипатына әсер етеді.